

**Ақмола облысы бойынша 2021 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 9 наурыздағы № А-3/114 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 15 наурызда № 8391 болып тіркелді "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағындағы 7-3) тармақшасына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Ақмола облысы бойынша 2021 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары А.Е. Мысырәлімоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Ақмола облысының әкімі

Е.Маржипаев

Ақмола облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 9 наурыздағы  
№ А-3/114 қаулысына  
қосымша

**Ақмола облысы бойынша 2021 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері**

Қалалық мектепке дейінгі ұйымдар бойынша айына бір тәрбиеленушіге жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру құны (теңгеде)				
болу режимі 10,5 сағаттық топта	болу режимі 9 сағаттық топта	санаторлы топта	түзету үлгісіндегі топта	жарты күн болатын топта
38023 теңге	35166 теңге	56282 теңге	67275 теңге	16384 теңге
Ауылдық мектепке дейінгі ұйымдар бойынша айына бір тәрбиеленушіге жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру құны (теңгеде)				
болу режимі 10,5 сағаттық топта	болу режимі 9 сағаттық топта	санаторлы топта	түзету үлгісіндегі топта	жарты күн болатын топта
41549 теңге	38300 теңге	62159 теңге	74621 теңге	17951 теңге
Бір тәрбиеленушіге айына ата-ана төлемақысының мөлшері (теңгеде)				
3 жасқа дейін	3 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін		жарты күн болатын топта	
12450,23 теңге	15529,32 теңге		7764,66 теңге	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК